

Бар қызық табиғаттан таралған

*Облыстық балалар биологиялық орталығының
«Гүлдендіру» үйірмесінің қосымша білім
беру педагогі Сапакова Кымбат Төлеуханқызы*

Гүл-өмірдің сәні. Гүлдерге қарап адамдар жан рахатына ие болады. Гүлдердің сырын меңгеруде биологиялық орталықта «Гүлдендіру» үйірмесі жұмыс жасап келеді. Үйірменің мақсаты: оқушылардың гүлдер түрлері жөніндегі білімдерін толықтыру, өздіктерінен бөлме гүлдерін отырғызу, көбейту жолдарын меңгеру және жас ұрпақтың табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру. Кез-келген гүлді жақсы көретін адам өз ауласында, үйінде хош иісті, көз тартарлық әдемі гүлдердің болғанын қалайды. Бірақ әр адам гүлдердің түрлерін, өсіру, күту әдістерін біле бермейді. Осы бағытта «Гүлдендіру» үйірмесінің оқушылары гүлдерге қызығушылық танытып үйірме арқылы гүлдерді көбейту, қоректендіру, отырғызу, күту ерекшеліктерін меңгеруде. Оқушылар табиғат аясына орталық ауласын көгалдандыру мақсатында «Гүлдендіру» үйірмесі жыл сайын бөлме гүлдерін көбейту акцияларын ұйымдастырады.

«Табиғат адам үшін жаралыпты, бар қызық табиғаттан таралыпты» демекші табиғатқа танымжорыққа шығу арқылы біз табиғатымызды тереңірек тани түсеміз. Оқушылар танымжорыққа шығу барысында далада өсетін гүлдердің түрлік құрамы, өсу ерекшеліктерімен танысып, кеппешөптер әзірлеп қосымша өздеріне керекті сынып жатқан бұталарды, қажетсіз бұтақ қиындыларын, ағаш қабықтарын жинайды. Осы қажетсіз заттарды өңдеп, гүлдермен безендіріп көзтартарлық әсем бұйымдар жасаймыз.

Сондай-ақ орталықта өтетін мерекелік шараларға арнап өз қолдарынан табиғи өнімдерден, кеппегүлдерден түрлі композициялар, ашық хаттар жасап шығармашылық қабілеттерін де қалыптастыруда. Үйірмеге келу арқылы оқушылар шипалы бөлме өсімдіктерінің адам үшін маңызын, гүл сыйлау этикасын үйреніп білімдерін ұштастыра түседі. Гүлдердің біз білмеген сырлары да жетерлік. Оқушылар өздіктерінен ізденіс жұмыстарын жүргізіп тәжірибе жұмыстары, фенологиялық бақылау арқылы гүлдер әлеміндегі жаңалықтарды ашуға тырысады. Біз оқырмандармен раушан гүліне жүргізген тәжірибе жұмыстарыңызбен бөліскіміз келеді. Гүлдердің патшайымы раушан гүлін көбейту әркімнің қолынан келе бермейді. «Гүлдендіру» үйірмесінің №26 мектеп, 5-сынып оқушылары Қияқбаева Ясмин, Жұмабек Ақбота, Заманбекова Линара раушан гүлінің қалемшелерінің тамырлануына корневин препаратының әсерін анықтау тәжірибе жұмысын жүргізуде. Ол үшін 10 раушан қалемшесін алып, екі бірдей ыдысқа су құйып бес-бестен салып қойдық.

Екі ыдыстың біреуіне корневин препаратын салдық, ал екінші ыдысты өзгеріссіз қалтырдық. Бұл тәжірибе жұмысы үш ай бойы жүргізілді.

Нәтижесінде суда тұрған қалемшелерде ешқандай өзгеріс байқалмады, ал корневин препараты қосылған раушан гүлінің төрт қалемшесінің тамырланғанын көрдік. Бұл тәжірибе жұмысы бізге раушан гүлдерін келешекте көбейтуімізге үлкен мүмкіндік береді. Осымен тәжірибеміз аяқталған жоқ, себебі тамырланған қалемшелерді топыраққа отырғызып ары қарай өсіп-дамуын бақылаудамыз. Бұл жұмыстың нәтижелерін биологиялық орталықтың ауласын көгалдандыруға қолданамыз. Табиғатымыздың әсемдігін сақтап,көркейіп түсуі өз қолымызда. Ол үшін әр адам көгалдандыру жұмыстарын қолға алып, Табиғат-анамыздың жайқалуына ат салысуымыз қажет. Осы кішігірім мақаламыз арқылы келешекте әр адамның табиғатқа деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін оятып, жасыл желегіміздің көбеюіне ынталары қалыптасады деген ойдамыз.